

Пайдалану бойынша нұұсқаулық

Радио оятқыш
RC-260

DEXP

Мазмұны

Құрылғы мақсаты.....	4
Сақтық шаралары	5
Басқару тақтасы	6
Функционалдық батырмалар	6
Сағат пен жарықтықты реттеу	7
Құрылғы схемасы	8
Пайдалану нұсқаулығы	9
Қосу/өшіру	9
Жұптастыру режимі	9
МикроSD картадан ойнату	10
AUX режимі	10
FM режимі	11
Құрылғыны зарядтау	11
Ұялы телефонды қуаттау.....	11
Қалпына келтіру	11
Қоңырауға жауап беру/қоңырауды аяқтау	12
Уақытты баптау	12
Оятқышты баптау	13
Дисплей жарығының жарықтығын баптау.....	13
Техникалық сипаттамалар.....	14
Жинақталым.....	14
Ықтимал мәселелер және шешімдері.....	15
Кепілдік міндеттемелері.....	16
Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары.....	17
Қосымша ақпарат	18

Құрметті сатып алушы!

Өнімдерімізді таңдағаныңыз үшін алғыс айтамыз.

Біз Сізге сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және жасалған бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуда қуаныштымыз. Пайдалануды бастамас бұрын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз, онда сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстар бар. Осы нұсқаулықтың сақталуына қамқорлық жасаңыз және оны бұйымды одан әрі пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғы мақсаты


Радио оятқыш — радиоқабылдағыш пен оятқыш қызметін біріктіретін құрылғы.

Сақтық шаралары

1. Радио оятқышты қоршаған ортаның қалыпты температурасында ғана сақтаңыз және пайдаланыңыз. Құрылғыны -20°C -тан $+60^{\circ}\text{C}$ -қа дейінгі температурада сақтау ұсынылады.
2. Бұл құрылғыны су көздеріне жақын жерге орнатпаңыз.
3. Радио оятқышты ылғалдылық деңгейі жоғары немесе шаң-тозаң көп жерлерде орнатпа. Бұл оның істен шығуына әкеп соғуы мүмкін.
4. Радио қоңырауды абайлап қолданыңыз. Оны соққылардан сақтаңыз.
5. Аспапты өткір аспаптардан, абразивті құрамдардан және оны зақымдауы мүмкін басқа да объектілерден қорғаңыз.
6. Құрылғы балалар мен физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі адамдардың қауіпсіздігіне жауапты басқа адамдар бақылау жүргізетін жағдайларды қоспағанда, оларды пайдалануға арналмаған.
7. Құрылғыны тек осы нұсқаулықта көрсетілген тікелей мақсаты бойынша пайдаланыңыз.

Басқару тақтасы

Сымсыз қуаттау аймағы




Функционалды батырмалар

1. 
 - Қосу/өшіру (ұстап тұрыңыз).
 - Ойнату/үзіліс (басу).
 - Шақыруға жауап беру/шақыруды аяқтау.
 - Нөмірді қайта теру
2. 
 - Режимді таңдау: BT/TF/AU/FM/Сағат (басыңыз).
 - FM радиостанцияларын іздеу (FM режимінде ұстап тұрыңыз).
3. 
 - Дыбыс деңгейін төмендету (басу).
 - Алдыңғы трек/радиостанция (ұстап тұрыңыз).
4. 
 - Дыбыс деңгейін көтеру (басыңыз).
 - Келесі трек/радиостанция (ұстап тұрыңыз).

Сағат пен жарықтықты реттеу

1. 
 - Жарықтандыру жарықтығын баптау: жоғары (әдепкі) / стандартты/төмен (басыңыз).
 - Сағаттың жарығын қосу/өшіру (ұстап тұрыңыз).
2. 
 - Сағат режимі: уақытты реттеуді бастау/аяқтау үшін басып тұрыңыз; сағатты/минутты орнату үшін басыңыз.
 - Оятқыш режимі: Оятқышты баптауды бастау/аяқтау үшін басып тұрыңыз; сағатты/минутты орнату үшін басыңыз.
3. 
 - Сағат/минут мәнін азайту үшін басыңыз.
4. 
 - Сағат/минут мәнін үлкейту үшін басыңыз.

Құрылғы схемасы



1. Сағат.
2. Bluetooth режимі.
3. TF режимі (microSD жад картасы).
4. AU режимі (сыртқы құрылғыдан AUX 3.5 мм арқылы ойнату).
5. FM режимі.
6. Оятқыш.
7. USB Type-C қосқышы.
8. AUX 3.5 мм қосқышы/Қалпына келтіру.
9. Жад картасына арналған қосқыш.
10. Құрылғыны зарядтаудың жарық индикаторы (зарядтау кезінде қызыл түспен жанады, зарядтау аяқталғаннан кейін өшеді).
11. USB қосқышы.
12. Сымсыз зарядтау жарық индикаторы (зарядтау кезінде қызыл, сымсыз зарядтау кезінде жасыл болып жанады).

Пайдалану нұсқаулығы

Қосу/өшіру

1. Құрылғыны қосу үшін $\oplus$ 2 секунд басып тұрыңыз. Сағаттың жарығы жанады, қос дыбыстық сигнал естіледі.
2. Құрылғыны өшіру үшін $\oplus$ 3 секунд басып тұрыңыз. Индикация өшіп, қос дыбыстық сигнал естіледі.

Ескерту: құрылғысы батареясы аз болғанда автоматты түрде өшеді.

Жұптастыру режимі

1. Құрылғының өшірілгеніне көз жеткізіңіз. Мобильді телефонмен жұптастыруды бастау үшін $\oplus$ батырмасын басып тұрыңыз. "BT" индикаторы жылдам жыпылықтай бастайды.
2. Телефоныңызда Bluetooth функциясын қосыңыз.
3. Қосылу үшін қолжетімді құрылғылар тізімінен "DEXP RC-260" іздеңіз және қосылысты орнатыңыз. Қажет болса, "0000" құпия сөзін енгізіңіз. Табысты жұптасу кезінде "BT" индикаторы бірқалыпты жарықпен жанады және жалғыз дыбыстық сигнал шығады.

Ескерту: құрылғылар 5 минут ішінде сәтті байланыспаған жағдайда, радио оятқыш сағат режиміне ауысады.

4. Келесі қосылу кезінде құрылғы, егер онда Bluetooth функциясы іске қосылған болса, ұялы телефоныңызбен автоматты түрде байланыс орнатады.

Ескерту: әдепкі бойынша, қосылған кезде құрылғы Bluetooth режимінде болады.

5. Құрылғыларды ажырату үшін телефоныңыздағы Bluetooth функциясын өшіріңіз немесе телефоныңыздағы жұптастырылған

құрылғылар тізімінен радио оятқышты ажыратыңыз. "BT" индикаторы жылдам жыпылықтай бастайды, құрылғы жалғыз дыбыстық сигнал шығарады.

Ескерту: қосарланған құрылғылар арасындағы рұқсат етілген жұмыс қашықтығы асқан кезде олар автоматты түрде ажыратылады.

МикроSD картадан ойнату

MicroSD картасын құрылғының тиісті қосқышына салыңыз, «TF» жарық индикаторы жанады.

Ескерту: microSD картасын орнатқан кезде құрылғы автоматты түрде TF режиміне кіріп, картадан ойнатуды бастайды. Егер карта салынбаса, онда әдепкі режим — Bluetooth.

AUX қосқышы

1. AUX кабелінің бір ұшын құрылғыдағы тиісті қосқышқа, ал екінші ұшын сыртқы сигнал көзіне жалғаңыз, «AU» жарық индикаторы жанады.
2. Ойнатуды бастаңыз.

FM режимі

1. Антенна ретінде 3,5 мм кәбілді пайдаланыңыз. Кабельдің бір ұшын AUX ұясына салыңыз, "AU" жарық индикаторы жанады. Кәбілдің екінші ұшын қоспаңыз.
2. FM режимін қосу үшін "M" батырмасын басыңыз, "FM" индикаторы жанады.
3. Радиостанцияларды автоматты түрде іздеу үшін "M" батырмасын басып тұрыңыз. Алдыңғы/келесі станцияға өту үшін  /  батырмаларын басыңыз.

Құрылғыны қуаттау

1. Құрылғыны қуаттау үшін USB Type-C интерфейсі қолданылады.
2. Қуат кәбілінің бір ұшын құрылғының тиісті қосқышына, ал екінші ұшын компьютерге немесе қуаттағышқа жалғаңыз.
3. Зарядтау кезінде тиісті индикатор қызыл түспен жанады, ал аяқталғанда өшеді.
4. Зарядтау уақыты 4.5-5 сағатты құрайды.

Ескерту: батарея аз болғанда сағаттың индикаторы жыпылықтайды.

Ұялы телефонды қуаттау

1. Сымсыз қуаттауды қолдайтын телефонды сымсыз қуаттау аймағына қойыңыз. Зарядтау кезінде тиісті индикатор жасыл түспен жанады.
2. Зарядтау кәбіліңіздің бір ұшын құрылғының USB қосқышына (DC 5 V), ал екінші ұшын телефонға қосыңыз.

Қалпына келтіру

Құрылғының жұмысында ақаулар туындаған жағдайда, жіңішке өткір затты (мысалы, инені) пайдаланып, бастапқы күйге келтіру батырмасын ("RESET") басыңыз.

Қоңырауға жауап беру/қоңырауды аяқтау

Кіріс қоңырауы кезінде/қоңырау аяқталғаннан кейін  басыңыз.

Уақытта баптау

1. Сағаттың мәні жыпылықтай бастағанша "SET" батырмасын басып тұрыңыз. "-" және "+" батырмалары арқылы сағатты орнатыңыз.
2. Сағатты ретке келтірген соң "SET" түймесін бас, минут шамасы жыпылықтай бастайды. "-" және "+" батырмаларының көмегімен минуттарды орнатыңыз.
3. Уақыттың баптауын сақтау үшін "SET" батырмасын басып тұрыңыз.

Оятқышты баптау

1. "SET" батырмасын басыңыз. Индикатор  жанады.
2. Сағаттың мәні жыпылықтағанша "SET" батырмасын басып тұрыңыз. "-" және "+" батырмалары арқылы сағатты орнатыңыз.
3. Сағатты орнатқан соң "SET" түймесін бас, минут шамасы жыпылықтай бастайды. "-" және "+" батырмаларының көмегімен минуттарды орнатыңыз.
4. Оятқыштың баптауларын сақтау үшін "SET" батырмасын басып тұрыңыз.
5. Сағат режимі мен оятқыш режимі арасында ауысу үшін "SET" батырмасын басыңыз.

Дисплей жарығының жарықтығын баптау

1. Қалаған жарықтықты орнату үшін  басыңыз: жоғары (әдепкі) /стандартты/төмен.
2. Жарықты қосу/өшіру үшін  басып тұрыңыз.

Ескерту:

- Энергияны үнемдеу мақсатында жоғары жарықтық автоматты түрде 5 минуттан кейін төмен жарықтыққа ауысады.
- USB Type-C қосқышы арқылы қуатталған кезде жарық жанып тұрады.

Техникалық сипаттамалар

- Үлгісі: RC-260.
- Жалпы шығыс қуаты: 5 Вт.
- Аккумулятор: 3.7 В, 2000 мА·сағ.
- Bluetooth нұсқасы: 5.0.
- Bluetooth жұмыс диапазоны: 10 м-ге дейін.
- Жиілік диапазон: 20 Гц — 20 кГц.
- Қолдау: Bluetooth, USB, microSD, AUX, FM, қоңырауға жауап беру.
- Сымсыз қуаттау функциясы.
- Дисплей жарықтығының 3 режимі.
- Ойнату режиміндегі жұмыс уақыты: 6 сағатқа дейін.

Жинақталым

- Радио оятқыш.
- USB Type-C қуаттау кәбілі.
- 3.5 мм аудио кәбіл.
- Пайдаланушы нұсқаулығы.

Ықтимал мәселелер және шешімдері

Мәселе	Шешім
Құрылғымен байланыс орнату мүмкін емес.	Құрылғының жұптау режимінде екеніне көз жеткізіңіз.
	Мобильді телефоныңызда/компьютеріңізде Bluetooth қосылғанын тексеріңіз.
	Телефоныңыздың басқа құрылғылармен жұптаспағанын тексеріңіз.
	Қажет болса, "0000" құпия сөзін енгізіңіз.
Ойнату кезінде дыбыс жоқ.	Телефоныңыздың дыбысын көтеріңіз.
	Ойнатудың тоқтатылмағанын тексеріңіз.
Дыбыс ойнату кезінде бұрмаланады.	Құрылғының Bluetooth сигналы бар аймақта екеніне көз жеткізіңіз.
	Құрылғы мен телефоныңыздың арасында кедергілер жоқ екенін тексеріңіз.
Құрылғы қосылмайды.	Құрылғының қуаты таусылды. Оны зарядтаңыз.

Мәселе	Шешім
Құрылғы зарядталмайды, қызыл индикатор жанбайды.	Батарея толық зарядталған.
	Қуаттау кәбілі істен шыққан. Оны ауыстырыңыз.
	Құрылғыны қайта іске қосыңыз.

Кепілдік міндеттемелер

Өндіруші құрылғының бүкіл кепілдік мерзімі ішінде үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен құрастыруда ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады. Кепілдік қызмет көрсетуге өнім пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдаланылған жағдайда, кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен емес істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Сервистік орталықтардың өзекті тізімі келесі мекенжай бойынша:
<https://www.dns-shop.kz/service-center/>

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 12 ай.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтажды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғыны сақтау дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауа температурасы 5 °C-тан 40 °C-қа дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жағдайда қаптамада жүргізілуі тиіс. ° Бөлмелерде коррозия тудыратын агрессивті қоспалар (қышқыл бұлары, сілтілер) болмауы тиіс.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғыны ұқыпты пайдалануды талап етеді, оны шаңнан, кірден, соққыдан, ылғалдан, оттан және т.б. қорғау керек.
- Құрылғыны сату РФ қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізілуі тиіс. Өнімнің қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны кәдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына ол федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейіннен қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электрлік және электрондық жабдықтарды қабылдаудың тиісті пунктіне кәдеге жаратуға тапсырылуға жатады. Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға және қоршаған орта мен адамдардың денсаулығына тиюі мүмкін зиянның алдын алуға көмектесесіз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қоқыс шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғының ақауы анықталған жағдайда дереу уәкілетті сервистік орталыққа жүгіну немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Шэньчжэнь Аккорд Текнолоджи Ко., Лтд.

№117, Чжэньбэй 2-ші ауылы, Айлянь, Лунган ауданы, Шэньчжэнь қ.,
Қытай.

Manufacturer: Shenzhen Akkord Technology Co.,Ltd.

No.117, The 2nd Village Zhangbei, Ailian, Longgang District, Shenzhen,
China.

Қытайда жасалған.

Импорттаушы / Қазақстан Республикасында талаптар

қабылдайтын заңды тұлға: «DNS QAZAQSTAN (ДНС
КАЗАХСТАН)» ЖШС,

Астана қ., Сарыарқа ауданы, Сарыарқа даңғ., 12 ғим., Қазақстан
Республикасы.

Электрондық пошта мекен-жайы: info@dns-shop.kz

Тауар КО ТР (ЕАЭО) талаптарына сәйкес келеді.

Сипаттамалар, өнім туралы ақпарат, оның жинақталымы мен
функционалдығы пайдаланушыға алдын-ала ескертусіз өзгертілуі
мүмкін.



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген. v.7

